

## 5-дәріс.

IT аудитінің қазіргі қолданыстағы  
**COBIT** стандарты



**Дәрістің мақсаты:** COBIT стандартына сәйкес АТ аудитін жүргізумен тансыу: негізгі ұғымдар, стандарт құрылымы, мақсаттары, міндеттері, көрсеткіштері, аудит кезеңдерін меңгеру



### Лекцияның сұрақтары:

1. COBIT стандарты бизнесті басқару құралы ретінде
2. COBIT стандартының кітаптары
3. COBIT 4.1 стандартының өзекті домендері. COBIT 5 өзгерісі

- ISO (Халықаралық Стандарттау ұйымы)
- IEC (Халықаралық электротехникалық комиссия)



- ✓ арнайы бүкіләлемдік стандарттау жүйесін қалыптастырады
- ✓ □ ISO мен IEC деген ақпараттық технологиялар саласында – ISO / IEC JTC 1 / SC 27 бірлескен техникалық комитет ұйымдастырылды
- ✓ Техникалық комитетпен бірлесіп қабылданған Халықаралық стандарттардың жобасы дауыс беруге арналған мемлекеттік органдарға дауыс беру үшін жіберіледі.
- ✓ Халықаралық стандарт ретінде жариялау үшін оған кем дегенде 75 пайыз мемлекеттік органдар мақұлдауы қажет .

## COBIT стандарты

Қазіргі қолданыстағы **COBIT** фреймворкы (программалық өнімдері) және CISA, CISM, CGEIT, CRISC сертификаттары ISACA брендтері болып табылады, оларды кәсіпкерлер өз компанияларының пайдасына пайдаланады.

**COBIT** (Control Objectives for Information and Related Technologies «Контрольные объекты для информационных и смежных технологий») — «Ақпаратты және оған қатысты технологияларды бақылау нысандары» (ОЛ ISO/IEC 17799:2005, ITIL, Prin-се2, PMBOK, SEI's CMM – АТ басқару стандарттарымен үйлеседі).

COBIT-тің негізгі ұстанымы: "Ақпараттық жүйелер ресурстары ұйымды қажетті және сенімді ақпаратпен қамтамасыз ету үшін табиғи топтастырылған процестер жиынтығымен басқарылады". Барлық стандарт осы мәлімдеме негізінде құрылған.



